

Осы «Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ кезінде мұғалімдерді қауіпсіз жүріс-тұрыс негіздеріне даярлау жөніндегі онлайн-курс» бағдарламасы «SAQ» білім беру жобасы шеңберінде іске асырылады.

Бұдан әрі «Грант беруші» деп аталатын **Caravan of Knowledge Корпоративтік қоры** «Ұйымдастырушы» деп аталатын «Ұлттық еріктілер желісі» қауымдастығы нысанындағы Заңды тұлғалар бірлестігімен бірлесіп, бұдан әрі «Грант алушы» деп аталатын кез келген адамға «Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ кезінде мұғалімдерді қауіпсіз жүріс-тұрыс негіздеріне даярлау жөніндегі онлайн-курс» бағдарламасы бойынша тегін оқудан өтуді ұсынады (бұдан әрі – Қызметтер).

Осы құжат Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 395-бабына сәйкес жария оферта (бұдан әрі – Шарт) болып табылады, оның талаптарын толық және сөзсіз қабылдау (акцепт) ҚР АҚ 396-бабына сәйкес Тапсырыс берушінің <https://caravanofknowledge.com/saq> сайтында орналастырылған Тапсырыс берушінің Есеп жүйесінде конклюденттік әрекеттерді - тіркеуді жүзеге асыруы болып есептеледі.

1. Грант беруші – білім беру мекемелерінің қызметкерлерін оқыту бойынша «SAQ» білім беру жобасын іске асыратын тұлға.
2. Ұйымдастырушы – қызмет көрсетуді ұйымдастыратын және курсқа қол жеткізуді ұсынатын тұлға.
3. Грант алушы – курсқа қол жеткізуге ниет білдірген және Офертаның шарттарына келіскен тұлға.
4. «Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ кезінде мұғалімдерді қауіпсіз жүріс-тұрыс негіздеріне даярлау жөніндегі онлайн-курс» бағдарламасы білім беру ұйымдарында қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін дамыту мақсатында әзірленген.
5. Қызмет көрсету мерзімі: онлайн-курста оқу ұзақтығы – 5 күн.
6. Қызмет көрсету бағасы: тегін
7. Қызмет көрсету орны: Қазақстан Республикасы, барлық жерде (онлайн).
8. Курстар қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Өтетін орны: бейнеконференция арқылы онлайн. Курстың басталу кестесі электрондық байланыс құралдары арқылы хабарланады немесе <https://caravanofknowledge.com/saq> сайтында орналастырылады.
9. Шарттың 10-тармағында көзделген сабақтарды өткізу бойынша оқуды және міндеттемелерді орындауды аяқтағаннан кейін Грант алушыға курстан өткені және SAQ жобасына қатысқаны туралы сертификат беріледі.
10. **Грант алушы міндеттенеді:**
 - Қажет болған жағдайда Грант берушіге тиісті қызмет көрсету үшін барлық қажетті құжаттарды ұсыну;
 - Зияткерлік меншік құқығына қатысты шектеулері бар Ұйымдастырушының/Грант берушінің келісімінсіз оқу бағдарламаларын, үлестірме материалдарды таратпау.

- 2024 жылғы қазаннан 2025 жылғы наурызға дейінгі аралығында өзінің оқу орнының әрбір сыныбында Қауіпсіздік және ТЖ ден қою негіздері бойынша төрт сабақ (презентация) өткізу.

- Әр сабақтан кейін өткізілген сабақ туралы есепті толтырып, Ұйымдастырушыға ұсыну. Есептегі деректердің дұрыстығына кепілдік беріңіз. Есеп нысаны курстардан өту кезінде ұсынылады.

- Өз оқу орнында сабақтарды офлайн-форматта немесе өткізу мүмкін болмаған жағдайда онлайн-форматта өткізу.

11. Грант алушы құқылы:

- Ұйымдастырушыдан осы Шарттың талаптарына сәйкес курсты өткізуді талап ету;

- Алынған материал таратылмаған жағдайда, сондай-ақ ұсынылатын деректердің құпиялылығы сақталған кезде ғана курс бағдарламасының материалдарына қол жеткізу;

- Жобаға қатыспайтын оқу орындарынан сұрау салу болған кезде, сондай-ақ өз бастамасы бойынша Грант алушы басқа мектептер үшін онлайн-форматта сабақ өткізе алады.

12. Ұйымдастырушы міндетті:

- Шарт талаптарына сәйкес курсқа қолжетімділікті ұйымдастыру және ұсыну.

- Грант алушыны оқудан өту үшін қажетті ақпараттық-үлестірме материалымен қамтамасыз ету.

- Грант алушы курсты өткеннен кейін соңғысына курсты өткендігін растайтын құжатты және SAQ жобасына қатысқаны туралы сертификат ұсыну.

- Осы Шарттан туындайтын өзге де міндеттемелерді орындау.

13. Ұйымдастырушының құқығы бар:

- Пәнге және жалпы курсты өткізуге зиян келтірмей, оқу бағдарламасы мен кестесін біржақты тәртіппен өзгерту.

- Грант алушыға курсты сапалы өту үшін өзге де деректерді немесе қызметтерді ұсыну.

- Осы Шартқа сәйкес қызмет көрсету үшін мамандарды тарту.

- Грант алушыдан осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын талап ету.

14. Грант берушінің құқықтары мен міндеттері:

- Грант беруші «SAQ» білім беру жобасын іске асыру шеңберінде Грант алушының дербес деректерін жинауды және өндеуді жүзеге асыруға құқылы.

- Грант беруші Грант алушының дербес деректерінің сақталуын қамтамасыз етуге және оларды қорғау жөнінде барлық шараларды қабылдауға міндетті.

- Грант алушыдан / Ұйымдастырушыдан осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды талап ету.

15. Тараптар арасында осы Шарт бойынша немесе оған байланысты туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы

келіссөздер жолымен шешіледі.

16. Тараптар осы Шарт шеңберінде өз құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілдермен қорғауға құқылы.

17. Келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда олар Ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралуы тиіс.

18. Шарт жасалған шарттар Тараптардың келісімі бойынша не Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

19. Осы Шарт Тараптардың келісімі бойынша орындаушы шеккен шығындардың сомасы оқу ақысынан ұсталған жағдайда бұзылуы мүмкін.

20. Егер грант алушы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаса немесе тиісінше орындамағанда не өзінің мінез-құлқымен Ұйымдастырушының/Грант берушінің басқа білім алушыларының немесе қызметкерлерінің, оның ішінде оқытуды жүргізу үшін тартылған мамандардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүйелі түрде бұзып, оқытуды қалыпты жүзеге асыруға кедергі келтірген жағдайда Ұйымдастырушының/Грант берушінің шартты орындаудан біржақты және мерзімінен бұрын бас тарту құқығы қалады.

21. Тарап Шартты орындаудан бас тарту туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап Шарт бұзылды деп есептеледі.

22. Шарт осы Шартты акцепттеген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындағанға дейін қолданылады.

23. Осы Шартта реттелмеген барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алатын болады.

24. Оқу бағдарламасының мазмұнымен <http://-----/> сілтемесі арқылы танысуға болады.

25. Деректемелер:

Грант беруші

«Caravan of Knowledge» КҚ

БСН 210240011789

Заңды мекенжайы: Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Ақбұлақ-3 тұрғын ы.а, Тасшоқы тұйық көшесі, 59 үй-жай.

Бас директор Биюмбаева З.М.

Ұйымдастырушы

«Ұлттық еріктілер желісі» қауымдастығы нысанындағы ЗТБ

БСН 120940015916

Заңды мекенжайы: Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Жүмекен Нәжімеденов көшесі, 10/3 үй

Атқарушы директор Миронюк Т.А.